

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 84 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы N 606 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1229 Қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1229 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларды қосылған құн салығынан босату ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 қаңтардағы N 84 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 4, 24-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасына импортталатын тауарларды қосылған құн салығынан босату ережесінде: мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Жеке өндірістік қажеттілік үшін әкелінетін төлем карточкаларымен қызмет етуге арналған жабдықтың, бағдарламалық қамтамасыз етудің және оның қосалқы бөлшектерінің импорты кезінде:

1) құжаттар, оның ішінде әкелінетін төлем карточкаларымен қызмет етуге арналған жабдықтың, бағдарламалық қамтамасыз етудің және оның қосалқы бөлшектерінің арналғандығын растайтын шет тілдерде жасалған құжаттар (техникалық паспорттар, сызбалар, фотосуреттер, коммерциялық құжаттар);

2) әкелінетін төлем карточкаларымен қызмет етуге арналған жабдықтың, бағдарламалық қамтамасыз етудің және оның қосалқы бөлшектеуінің мақсатты пайдаланылу туралы осы Ережеге 5-қосымшада белгіленген нысан бойынша толтырылатын міндеттеме ұсынылады.";

8 - 1 - т а р м а қ т а :

"әкелген негізгі құралдар" деген сөздер "әкелген мүлік" деген сөздермен ауыстырылсын;

1) тармақшадағы "үш жақты шарттың көшірмесі" деген сөздерден кейін "не Қазақстан Республикасының резиденті емес лизинг беруші мен Қазақстан Республикасының резиденті қосалқы лизинг беруші арасында жасалған халықаралық лизинг шартының көшірмесі және Қазақстан Республикасының

резиденттері қосалқы лизинг беруші мен қосалқы лизинг алушы арасында жасалған лизинг шартының көшірмесі не Қазақстан Республикасының резиденті емес лизинг беруші, Қазақстан Республикасының резиденттері қосалқы лизинг беруші мен қосалқы лизинг алушы арасында жасалған үш жақты шарттың көшірмесі" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы "қаржы лизингінің шартына сілтемесі бар" деген сөздерден кейін "лизинг мәнін беруге" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "лизинг беруші" деген сөздерден кейін "(халықаралық лизинг кезінде қосалқы лизинг беруші)" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген Ережеге 4-қосымшада: тақырыптағы және ескертудегі "негізгі құралдарды" деген сөздер "мүлікті" деген сөзбен ауыстырылсын; мәтіндегі "негізгі құралдар" деген сөздер "мүлік" деген сөзбен ауыстырылсын ;

осы қаулыға қосымшаға сәйкес 5-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 22 маусымдағы

№ 606 қаулысына

қосымша

5 - қосымша

Кедендік бақылау департаментінің
(кеденнің) бастығына _____

**Жеке өндірістік қажеттілік үшін әкелінетін төлем
карточкаларымен қызмет етуге арналған жабдықтың,
бағдарламалық қамтамасыз етудің және оның қосалқы
бөлшектерінің мақсатты пайдаланылуы туралы
міндеттеме**

Мен, _____

(жүк алушының атауы, СТН-і, мекен-жайы, банктік деректемелері не аты-жөні және төлқұжаттық деректері)

№ _____

_____ кеден декларациясына (декларацияларына) сәйкес жеке

өндірістік қажеттілік үшін төлем карточкаларымен қызмет етуге арналған мынадай жабдықты, бағдарламалық қамтамасыз етуді және оның қосалқы бөлшектерін әкелдім:

(та у а р л а р д ы ң а т а у ы)

Осыған байланысты көрсетілген тауарларды қатаң түрде жеке өндірістік қажеттілік үшін пайдалануға міндеттенемін.

Көрсетілген тауарларды өзге мақсаттарға пайдаланған кезде, кедендік ресімдеу кезінде төленбеген _____ теңге мөлшеріндегі салықтар мен олардан өсімпұлдарды Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлеуге міндеттенемін.

Қолы _____ / _____ / Күні 200__ жылғы " __ " _____
(а т ы - ж ө н і)

Ескерту: жеке өндірістік қажеттілік үшін әкелінетін төлем карточкаларымен қызмет етуге арналған жабдықты, бағдарламалық қамтамасыз етуді және оның қосалқы бөлшектерін салықтар мен өсімпұлдарды төлемей өзге мақсаттарда пайдаланған жағдайда, тиісті сома Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамасына сәйкес жауаптылық шаралары қолданыла отырып өндіріп алынатын болады.